

Жануарлардың мінез-қылығы.



Орындағандар: 6 “В”
сынып оқушылары “Жас
биологтар” тобы

Қысқаша мазмұны.

Зоопсихология — (zoon — жануар және психология) 1) негізінен әр алуан биологиялық түрлердің мінез-қылықтарын салыстырып, психогенетикалық көзқарас тұрғысынан психологиялық процестерді зерттеу, (қ. Салыстырмалы психология) жануарлар қылықтары мен психологиясын зерттейтін психология ғылымының саласы. 2) объектісі жануарлар болып табылатын кез келген психологиялық зерттеу; 3) жануарлар психикасы, осы деңгейде психикалық шағылудың көрінісі мен заңдылықтары туралы ғылым. Зоопсихология жануарлардың психикалық процестерінің онтогенездегі қалыптасуын, психиканың эволюция процесінде пайда болуын және оның дамуын, адам санасының биологиялық алғышарттарын және оның туылу тарихына дейінгісін зерттейді. Жануарлардың психикалық қабілеттеріне антикалық дәуірдің ойшылдары назар аударған. Ғылыми Зоопсихология XVIII ғ. соңы мен XIX ғ. бас кезінде пайда болды.





Жыртқыш жануар (Леопард)

Леопард (лат. *Panthera pardus*) — сүтқоректілер класы жыртқыштар отрядының мысық тұқымдасына жататын жыртқыш аң. Денесі созылыңқы, аяқтары қысқа әрі мықты. Дене тұрқының ұзындығы 107 — 180, құйрығының ұзындығы 75 — 110 см. Тығыз, жұмсақ сары немесе қызғылт жүнінің үстінде қара дақтары болады. Тұтас қара түстілерін — пантера деп атайды. Аталығы 60, аналығы — 30 — 40 кг тартады. Леопард негізінен Африкада (тек Сахарада кездеспейді) тіршілік етеді. Азияда, Түрікменстанда, Ресейдің Қиыр Шығысында ұшырасады.



Су жүрек аң (Қоян)

Қояндар (лат. Leporidae) – сүтқоректілердің бір тұқымдасы, 8 туысқа бөлінетін 50 түрі бар. Бұлардың ішінде тез жүгіруге, ін қазуға, жүзуге, ағашқа өрмелеуге бейімделген түрлері кездеседі. Салмағы 0,1 – 4,5 кг, дене тұрқы 12 – 75 см, Мадагаскар аралы, Оңтүстік Американың оңтүстік аймағы, Антарктидадан басқа барлық жерде таралған. Шөп, ағаш қабығын, бұршігін, бұтағын жейді. Жылына 4 рет 2 – 8 (кейде 15) көжесек туады. Тұрақты іні болмайды, көжесі жүндес, бірден жүріп кететіндей жетіліп туылады, бірнеше күннен кейін өзі қоректенеді. Үй қояны ғана ін қазады, топ-топ болып тіршілік етеді. Көжесі көзі ашылмай, өте дәрменсіз, қызылшақа болып туылады. Кәсіптік маңызы бар, әуестік үшін де ауланады



Жануарлар психикасы.



Жануарлар психикасын ғалымдар олардың қоршаған ортамен тіршіліктік қажетті байланыс орнататын қозғалыс белсенділігімен диалектикалық бірлікте қарастырды. Психиканың онтогенезде және филогенезде дамуының алғашқы және жетекші факторы ретінде ширығуға, қозғалыс жүйесін байытуға және жетілдіруге алып келетін тіршілік қарекеттің күрделілігін зерттеді. Жануарлардың психикалық қарекетін, перцептивті процестерін, бағдарлы зерттеушілік реакциясын, жадын, эмоциясын, дағдысын және үйреніп алудың өзге түрлерін, зиятын нақты зерттеу жануарлардың өздерін ұстануының құрылымына объективті анализ жасау негізінде және адамға қарағанда жануарлардың психикалық қарекеті толығымен биологиялық факторлармен шарттастырылатындықтан, зерттеліп отырған түрдің экологиялық ерекшеліктерін жан-жақты еске алуды талап етеді. Зоопсихологияның этологиямен және басқа биологиялық ғылымдармен ерекше тығыз байланысы осымен айқындалады.



Топтасып тіршілік ету.

Топтасып тіршілік ету- жануарлар әлемінде кең таралған құбылыс. Бұл түрге жататын жануарлардың ішінде жеке-дара тіршілік ететіндер де, бүкіл тіршілігін топтасып «тұқымтоп» (семья) болып өткізетіндері де бар. Сондықтан соңғыларды «қоғамдық жануарларға жатқызады». Табиғи жағдайда бунақденелілердің «үйлерін», балара, аралар кәрездерін, құмырсқалардың илеуін жиі кездестіруге болады.

Қоғамдасып- бірлесіп тіршілік ететін жануарларға топтық мінез-қылық тән. Мысалы, құлан үйірлерінде айғыр бүкіл үйірді басқарады, ал бие бүкіл үйірдің орнын амастырып, қозғалуын бағыттап отырады.

Құмырсқа, ара, түкті ара сияқты бунақденелілер шағатын жараққанаттылар деп аталады. Себебі, бұлардың безі мен жұмыртқа жолы түтікшесі өзінің негізгі қызметін басқа қорғану және шабуыл жасайтын құрал ретінде пайдаланады.



Топтық құмырсқалар.



Құмырсқа (Formicidae) – жарғаққанаттылар отрядының бір тұқымдасы. Құмырсқа Жер шарында кеңінен таралған, тек Қиыр Солтүстікте және Антарктидада ғана кездеспейді. Құмырсқаның 10 мыңдай түрі бар. Олардың көпшілік түрлері тропиктік аймақтарда кездеседі.

Денесі бас, көкірек және құрсақтан тұрады. Басы үлкен, жақтары жақсы жетілген, ауыз аппараты кеміргіш. Көкірек бөлімі жіңішке, онда үш жұп аяқтары жақсы жетілген. Көпшілік түрлерінің құрсақ бөлімінде шаншары мен улы бездері жақсы дамыған, улы бездерінен бөлінетін сұйықтық – құмырсқа қышқылы деп аталады.

Климатына байланысты эртүрлі жерлерде өмір сүреді



Панда



Қоңыр аю




Өмір сүру орталығына байланысты

Дала құсы



Су құсы




Мінез қылық және жүйке жүйесі

Жануарлардың мінез қылығы тіршілік әрекетіне тікелей байланысты. Тіршілік әрекеті жануарлардың даму деңгейіне қарай күрделене түсетіні мәлім. Өзін қорекпен, жылумен, ауамен, жарықпен қамтамасыз ету, жауларынан өзін қорғау, ал ұрпағына қамқорлық жасайтын жануарлардың ұрпақтарын сақтап, қорғап, баулып өсіруі-өте күрделі құбылыс.

Кірпікшелі кебісше

Кірпікшелі кебісшенің өзіне қажет қоректің жақын маңда бар екенін сезінетінін, тіпті оның қай жақта екенін дәл табатынын білесіңдер. Бұл сияқты сыртқы орта жағдайларын сезіну үшін, оған жауап ретінде дене (жасуша) сыртындағы мыңдаған кірпікшелерді бір мезгілде толқытып, олардың жұмысын қажетті бағытқа денені бұрып қозғалатындай етіп үйлестіру үшін ерекше тетік керек. Кірпікшелі кебісшенің денесіндегі (жасушасындағы) сондай үйлесімді сезімталдық қызметті *арнайы талшықтар* атқарады. Бұл талшықтар жасушаның (дененің) алдыңғы бөлігінен басталып, бүкіл кірпікшелерге тарамдалады.






ра

Ишек ұуыстыларда негізінде жүйке жүйесі жоқ. Гидраның жүйке торының бір тарамдары қозуды қабылдайтын жасушаларға, екіншілері жиырылғыш жасушаларға барады. Гидраның сырттан болатын әсерге жауабы тітіркендіргішінің әсер ету күшіне байланысты. Бір қармалауышына инемен әлсіз ғана түртіп әсер етсе, сол қармалауышы ғана жиырылады. Тек қаттырақ шаншып, әсер етсе ғана барлық қармалауыштары денесі жиырылып, домаланып қалады.

Шұбалшаңда

Шұбалшаңның жүйке жүйесі бір жұп жұтқыншақ үсті, бір жұп жұтқыншақ асты жүйке түйіндерінен және құрсақ жүйке тізбегінен тұрады. Бұл тізбек асқорыту жүйесінің астымен денені бойлай созылып жатады. Мұны құрсақ жүйке тізбегі дейді. Жұтқыншақ асты, жұтқыншақ үсті жүйке түйіндері бір-бірімен сақина тәрізденіп байланысады. Бил түйіндерді “Ми” деп атайды. Сырттан болатын әртүрлі әсерді қабылдап, ажыратып, оған бірлуге тиісті “жауап” жайындағы “бұйрық” осы түйіндер арқылы құрсақ тізбектеріне беріледі. Құрт зиянды әсері бар кедергілерді айналып өтеді, пайдаларына қарай бұрылады.



Өрмекшілер мен бунақденелілерде

Ағзаның тітіркендіргішке
жүйке жүйесі арқылы қайтарған
жауабын рефлекс дейді.

Ал өрмекшілер мен
бунақденелілердің жүйке жүйесі
денедегі орналасуы мен
құрылысы жағынан
шұбалшағның жүйке жүйесімен
ұқсас; құрсақ жүйке тізбегіндегі
түйіндерінің саны аз, оның
есесіне жүйке түйіндері, әсіресе
жұтқыншақ үсті, жұтқыншақ
асты түйіндері жақсы дамыған.


Шаяндардың, ұлулардың
жүйке жүйесі негізінен осы
жәндіктердің жүйке жүйесіне
ұқсас.




Балықтар

Балықтардың мінез-қылығы өте күрделі, олар шартты және шартсыз рефлексстер арқылы айналадағы орта жағдайларын жақсы бағдарлап, соған сәйкес жауап қайтарады. Балық миының біршама жақсы дамуы сезім мүшелерінің де жетілуіне әсер еткен. Оның екі көзі бар. Көзі бұлшықеттер арқылы жоғары, төмен, алға, артқа қимылдап, төңірегін толық көре алады. Бастың алдыңғы жағындағы екі танау тесігі арқылы иісті сезеді. Ауызында, бүкіл денесінің сыртында сезімтал жасушалар көп болғандықтан дәмді, жолында кездесетін кедергілерді, т.б жақсы ажыратады. Мұрты сипап сезу қызметін атқарады.

Балықтардың бәрінде ерекше мүше-Бүйір сызығы болады. Бүйір сызығы су ағынының бағытын, күшін, сүңгу тереңдігін сезінуге мүмкіндік береді. Осы мүше арқылы су астындағы кедергілерді түйсініп, олардан айналып өтеді.



Қорытынды



*Сонымен, қорыта келгенде
тек адамдардың емес,
жануарлардың да өздеріне
тән мінез-қылықтары бар*